bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***

2021

**БӨЛІМ: ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ**

# Адам жақсы ісімен көрікті

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 26.11.2021 | https://bilimger.kz/111362/ |

| | |
|---|---|
| **Бөлім : 2** | Ынтымақты отбасы |
| **Мұғалімнің аты – жөні, тегі:** | Туркменбаева Гульмира Жайлыбаевна |
| **Мерзімі :** | 16.11.2021жыл |
| **Сынып: 2 «Е»** | Оқушылар саны: 22 Қатыспағандар саны:0 |
| **Сабақтың тақырыбы: №11** | Адам жақсы ісімен көрікті |
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары** | -басқа адамдармен тату өмір сүру, сыныптастарымен және достарымен жақсы қарым-қатынаста болу қабілетінің маңыздылығын түсінеді;<br>мейірімділік, өзін және басқаларды құрметтеу көріністерін бағалай алады; |
| **Құндылық :** | Сүйіспеншілік |
| **Қасиеттер:** | мейірімділік,қамқорлық, жанашырлық |
| **Сабақтың мақсаты:** | Отбасындағы ізгі қарым-қатынас туралы түсінік бере отырып, Сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу. |
| **Міндеттері :** | Оқушылардың бір-бірін жақсы көру, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін түсіндіру.<br>Кішіпейілділік, жанашырлық қасиеттерін дамыту;<br>Қайырымды, қамқор болуға тәрбиелеу. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңдері<br>Уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Ресурстар |
|---|---|---|---|
| Ұйымдастыру кезеңі.<br>**1. Жағымды көңіл – күй**<br>**(1-4мин)** | 5 Т – ережесі:<br>1. Тәртіп.<br>2. Талап.<br>3. Тыныштық.<br>4. Тазалық.<br>5. Татулық.<br>«Нұрға бөлену» мәтінін оқу | 5 Т ережесін еске түсіреді.<br>Жағымды әсер алып, мұғалімге назар аударады. | «Хрустальная грусть» композициясы<br>https://ok.ru/video/222068019519 |
| **2. Алдын ала берілген үй тапсырмасын тексеру (әңгімелеу)**<br>**(3-5мин)** | Мұғалім : **«Ананың сүйіспеншілігі»** атты өсиет әңгімесін оқып келуді тапсырады.<br>**Сұрақтар:**<br>· Осы өсиет әңгімеден қандай сүйіспеншілікті байқадыңдар?<br>· Мәтінде ананың сүйіспеншілігін неліктен жанған шырақпен салыстырған?<br>· Өз ата-анаңның сүйіспеншілігін неге теңер едің? Себебін түсіндіріп бер?<br>· Өз отбастарыңызда жақындарыңның мейірі мен сүйіспеншілігін неден, қалай сезінесіңдер?<br>Мұғалім оқушыларға отбасындағы ең бірінші міндет – ата-аналарын құрметтеу екендігі туралы айтып, бір-бірін сыйлап, жауапкершілікпен қарасақ, отбасында риясыз сүйіспеншілік болатынын оқушыларға ұғындарады. | Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашып, мейірімділік, қамқорлық, жауапкершілік қасиеттерін бойына сіңіреді. | 2-сыныпқа арналған «Өзін-өзі тану» оқулығы<br>11-сабақ, 39-бет. |
| **3. Жағымды ой-пікір (дәйексөз)**<br>**(3-4 мин)** | «Үлкен алдында жас парызы, ата-алдында бала парызы-әдеп пен сый»<br>**Мұхтар Әуезов**<br>**Сұрақтар:**<br>**—**Үлкен алдында жас парызы дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Дәйексөзден қандай ой түйдіңдер?<br><br>Мұғалім оқушыларға отбасында риясыз сүйіспеншілік, өзара көмек, жауапкершілік құрмет болса, өз парыздарымен міндеттерін орындағаны болып табылатыны туралы түсінік береді. | Оқушылар бір неше рет дәйексөзді қайталайды.<br>Талдау сұрақтарына жауап бере отырып, үлкен алдындағы өз парыздарымен міндеттерін орындағанда ғана, отбасында өзара ынтымақтастық орнайтынын түсінеді. | 2-сыныпқа арналған «Өзін-өзі тану» оқулығы<br>11-сабақ, 39-бет. |
| **4. Оқиға айту (Әңгіме)**<br>**(12-15 мин)** | **Мұғалім:** «Мейірім» әңгімесін оқып береді.<br>Айнұр көпшіл. Үнемі өзі қатарлы қыздар мен ұл балалар арасында ойнап жүреді. Олар да Айнұрдың соңынан бір елі қалмайды.<br>Енді, міне атасы мен әжесінің ауылымен қош айтысатын мезгіл де жетті. Әкесі — әскери қызметкер. Кезекті демалысы бітті. Жауынгерлік жаттығуларына қайта оралмақ.<br>Атасы мен әжесі:<br>-Балам, қайда жүрсең де аман бол! Еліңді, жеріңді сүй, қорға!-деді. Айнұр қоштасар сәтте ерекше мінез көрсетті.<br>-Ата,әже, әке, ана, бәріміз бірге тұрайық,-деді.<br>-Кәнеки, ондай болса. Бірақ әкеңнің жұмысы бар. Атаң мен әжең ауылда. Мүмкін емес қой, жаным,-деді әжесі бауырмал Айнұрды кеудесіне қысып.<br>-Онда мен атам мен әжемнің қасында қаламын. Кетпеймін. Кім қарайды оларға?-деді төрт жасар Айнұр көзі жасаурап.<br>-Ендігі демалыста тағы келеміз,-деді анасы.<br>-Жоқ. Мен осы жерде қаламын.<br>-Айнұр әкесімен, анасымен беймарал қоштасты. Қолын бұлғап қалды.<br>Әкесі мен анасы Айнұрдың бүгінгі мінезіне қайран қалды. Әйтсе де қимай қоштасқандары жүздерінен байқалады.<br>Ал атасы мен әжесінің қуаныштарында шек жоқ. Айнұрдың атасы мен әжесіне кішкентай бүйрегінің бұрып тұрғанына әбден риза болды.<br>**Сұрақтар мазмұны**<br>· Айнұрдың атасымен әжесінің қасында қалғысы келуінің сыры неде?<br>· Кішкентай Айнұрдың бойында қандай қасиеттер бар?<br>· Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі дегенді қалай түсінесіңдер?<br>· Өзің отбасыңдағы жауапкершілікті қалай атқарып жүрсің?<br>Мұғалім оқушыларға шынайы сүйіспеншілік отбасындағы адамдарды өзара жақындастырып, қамқорлық пен бауырмалдық адамдарды бір-бірін бауырына тарта білуге, мейірімділікке үйретеді. | Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашып, отбасы мүшелері бір-біріне жанашырлық, қамқорлық, бауырмалдық танытса, отбасында әрқашанда бірлік пен татулық орнайтынын түсінеді. | Әңгімелер жинағы |
| **5. Шығармашылық жұмыс.**<br>**7-10 мин** | Мұғалім оқушыларға ортақ тапсырма береді.<br>**Тапсырма:**<br>· Отбасы бақытты болу үшін не қажет деп ойлайсыңдар? Тиісті сөздер мен сөз тіркестерін ең маңыздыларынан бастап орналастыр. (*Оқулықта сөз тіркестері берілген*)<br>**Дәптермен жұмыс:**<br>**1-тапсырма.** Отбасындағы өз міндеттерін жазып, оны қалай орындап жүргендерін әңгімелеп береді.<br>Мұғалім оқушыларға бақытты отбасы болу үшін бір-біріне құрметпен, мейірімділікпен, жанашырлықпен қараса, отбасы қуанышқа бөленіп, отбасында сүйіспеншілік орнайтынын түсіндіреді. Ал, отбасында риясыз сүйіспеншілік болса, онда отбасының барлық мүшесі өз міндеттері мен парыздарын орындағаны. | Оқушылар берілген тапсырманы орындай отырып, бақытты отбасы болу үшін бір-бірін жақсы көру, сыйлау,құрметтеу, жақсы сөз айту, мейірімді, қамқор болу әрқашан қуаныш пен келісімге әкелетінін түсінеді. | 2-сыныпқа арналған «Өзін-өзі тану» оқулығы 11-сабақ<br>1,2-тапсырма<br>40-бет |
| **6 Топпен ән айту**<br>**(3 мин)** | **Бала тілегі**<br>Әнін жазған: Ф.Жолдасова<br>Өлеңін жазған:С.Молдасанұлы | Оқушылар мұғаліммен бірге ән шырқайды. | https://youtu.be/9VMQsylsQbI |
| **7 Үй тапсырмасы** | Мұғалім Ы.Алтынсариннің «Аурудан аяған күштірек» әңгімесін оқып келуге тапсырады. | | |
| **8 Сабақтың қорытынды сәті.** | Бір-бірімізге мейірімді һәм кешірімді, жанашыр, көркем мінезділік танытып, қамқор және бауырмал бола білейік! | | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.